

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 16 ақпандағы N 255 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 8 ақпан N 210. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.07.25. N 832 қаулысымен. ~P020832

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелерге арналған бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын (мерзімді және жылдық) жүргізу жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 16 ақпандағы N 255 P000255_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 8, 96-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелерге арналған бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын (мерзімді және жылдық) жүргізу жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесінде:

8-тармақта:

"және әрбір ай бойынша" деген сөздер алынып тасталсын;

"кірістердің көлемімен тең болуы тиіс" деген сөздерден кейін ", бұл ретте әрбір айда жыл басынан бергі кезең үшін оның шығыс бөлігінің сомасы осы кезең үшін кіріс бөліктің сомасынан аспауы тиіс." деген сөздермен толықтырылсын;

15-тармақта:

бірінші абзацта:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мерзімдерде, бірақ жоспарланатын жылдың 1 қаңтарынан кешіктірмей" деген сөздер "өзі белгілеген мерзімдерде" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Қаржы министрлігіне өзі белгілеген мерзімдерде берілген айлық лимиттердің шегінде шығыстардың жиынтық сметаларын ұсынады.";

екінші абзацтағы "жоспарланған жылдың 5 қаңтарынан кешіктірмей" және " жоспарланған жылдың 10 қаңтарынан кешіктірмей" деген сөздер "Қаржы министрлігі белгілеген мерзімдерде" деген сөздермен ауыстырылсын;

17-тармақтың бірінші және екінші абзацтарындағы үшінші сөйлем алынып

тасталсын;

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Қаржы министрлігі белгілеген мерзімдерде өздерінің ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелеріне 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шығыстардың жеке сметаларын, сондай-ақ оларға есептемелердің көрсеткіштерін бекітеді және қоса береді.

Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шығыстардың жеке сметаларын, сондай-ақ оларға есептемелердің көрсеткіштерін бекітуді және беруді өздерінің ведомстволары мен аумақтық органдарына табыстауға құқылы.";

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Мемлекеттік мекемелерге бюджеттік қаражатты жұмсауға арналған

рұқсат шығыстардың бекітілген сметалары болған кезде ғана беріледі.";

42-тармақтың екінші абзацында:

"кредиторлық берешектердің" деген сөздерден кейін "болуына немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

"кемітілетін ерекшеліктер" деген сөздер "бағдарлама (кіші бағдарлама)" деген сөздермен ауыстырылсын;

43-тармақта:

"кредиторлық берешектердің" деген сөздерден кейін "болуын немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

"кемітілетін ерекшеліктер" деген сөздер "бағдарлама (кіші бағдарлама)" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген ережеге 2-қосымшада:

жоғарғы оң бұрышындағы "бюджеттік бағдарламалар әкімшісі" деген сөздерден кейін "/ведомство немесе аумақтық орган" деген сөздермен толықтырылсын;

"Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі" деген жол "/ведомство немесе аумақтық орган" деген сөздермен толықтырылсын;

"Қаржы қызметінің басшысы _____" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік мекеменің басшысы _____

Мемлекеттік мекеменің

қаржы қызметінің басшысы

(ол болмаған кезде бас бухгалтер) _____".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК